

**6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін
корғауға ұсынылған**

**Джолданова Динара Канатовнаның
«Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың
акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ПІКІР**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Бұғаңға таңда Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін стратегиялық дамытудағы басым міндет білім беру сапасын арттыру болып табылады. Бұл, педагог тұлғасы басты рөл аткаралып, білім беру сапасын жақсарту үшін қажетті жағдайлар мен әдістерді қайта қаралу арқылы мүмкін болады. Білім беру жүйесін модернизациялау бойынша маңызды қадамдарға қарамастан, педагогтардың көшпілігі үнемі жұмыс жүктемесіне байланысты өзін-өзі таныту және өздігінен білім алу мәселелеріне тиісті назар аудармайды, педагогикалық қызметте өздерін белсендірмейді, акме шынына жетуге үнемі дайындалуға өздеріне бағыт қоймайды. Бұл түрғыда біз жоғары білім беру жүйесінің міндетін оқытылуыштардың білімін арттыруды ғана емес, сонымен қатар студенттердің жеке қасиеттері мен жеке мүмкіндіктерін дамытуда көреміз. Педагогикалық қызметте өз ойын білдіре алмау және өзін-өзі таныта алмау кәсіби мақсаттардың болмауына, өзін-өзі бағалаудың төмендігіне, белгілі бір кәсіби мәселені шешудегі кындықтарға, соның салдарынан жеке қасиеттердің де, лидерлік қасиеттердің де дамуын қаламауға әкеледі, солардың дамуында, біздің оймызыша, акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Бұл түрғыда Д.К. Джолданованың зерттеу тақырыбы өте өзекті және уақытылы болып табылады. Біз лидерлік қасиеттерді ашатын сонау педагог жоғары білім беру жүйесінде үнемі өзгеріп отыратын талаптарға бейімделе алады деген пікірді үстанамыз.

Соңғы онжылдықтарда халықаралық практикада жоғарыда аталған проблемаларды шешу әрекеттері байқалуда: лауазымдық міндеттерге, білімдерге, іскерліктер мен дағдыларға, сондай-ақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктеріне қойылатын егжей-төгжейлі баяндалған талаптар болып табылатын кәсіби стандарттар әзірлене бастады. Бұл да қазіргі заманғы енбек нарығының талабы. Қазіргі көғамға кәсіби білім беру процесінде болашақ маманнаның жеке басы дамуының, оған болашакта әр сөтте қолданыстағы кәсіби білімдерге деген сұранысты өзінің субъективті және танымдық белсенділігі арқылы оздыруға мүмкіндік беретін, денгейі қажет.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі педагогтың жеке және кәсіби қасиеттерін дамытуға ықпал ететін акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру мәсілесін өзекті етеді.

Д.К. Джолданованың диссертациялық зерттеуінде койылған зерттеу міндеттеріне сәйкес келесі ғылыми нәтижелер алынды: акмеологиялық

құзыреттілікке байланысты негізгі ұғымдарға теориялық талдау жүргізілді және автор Қазақстандағы жоғары білім беру контекстіндегі болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің «акмеологиялық құзыреттілік» түсінігін нақтылады; болашақ педагогтың лидерлік қасиеттерінің (академиялық лидерліктің) акмеологиялық құзыреттілікті дамыту мен қалыптастырудың рөлі негізделген; болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру моделі жасалды; болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген моделінің тиімділігі тәжірибе арқылы тексерілді.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, өйткені болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымы алғаш рет Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беру контекстінде қаралып, нақтыланды.

Екінші нәтиженің ғылыми жаңалығы болашақ шетел тілдері мұғалімінің лидерлік қасиеттері (академиялық лидерлік) болашақ шетел тілдері педагогтердің акмеологиялық құзыреттіліктерінің кұрамдас бөлігі ретінде қарастырылатындығымен қамтамасыз етіледі.

Үшінші нәтижесі – сөзсіз жаңа, өйткені болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың моделі алғаш рет жасалды, оның шеттілдік білім беру контекстіндегі қалыптастыру әдістері анықталды және ғылыми негізделді.

Төртінші нәтиже студенттердің жоғары білім беру контекстінде акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру тәсілдердің пайдалану жолдары мен тетіктерін айқындастырын, тәжірибелік жұмыс барысында «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік құралдың және оқу-әдістемелік кешенінің, «Лидерлік» клубы бағдарламасының тиімділіктері дәлелденіп, практикаға енгізілуімен сипатталады.

Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы

Зерттеудің теориялық маңыздылығы шеттілдік білім беру контекстіндегі акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру процесінің теориялық негіздерін ашуда, педагогтің лидерлік қасиеттерінің (академиялық лидерліктің) акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың және дамытудың рөлінде жатыр, бұл тілдік білім берудің терминологиялық қорына «болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігі» қорына «болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру моделі құрастырылды».

Диссертацияның практикалық маңыздылығы тілдік мамандықтардың білім алушыларына арналған «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік құралы мен оқу-әдістемелік кешенің әзірлеуден және «Лидерлік» клубының бағдарламасын құрастырудан тұрады.

Ізденушінің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республиканың, ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған 8

жұмыста, оның ішінде Scopus базасына кіретін ғылыми басылымарда – 2, Қазақстан Республикасың Жоғары аттестациялау Комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 3, сондай-ақ 1 «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік құралы және 1 «Лидерлік» клубының бағдарламасы бар.

6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Джолданова Динара Канатовнаның «Шеттілдік білім беру контекстінде болашак педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ғылыми диссертацияларды орындауға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, логикалық түргыдан аяқталған өз бетімен жазған ғылыми зерттеу болып табылады.

Джолданова Д.К. 6D011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Отандық ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Е.А. Бекетов атындағы ҚарУ профессоры

Тлеужанова Г.К.

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

М. Олеу 7

